

**Архив ісі саласындағы кәсіби біліктіліктер
жөніндегі салалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 4

2024 жылғы 30 шілде

Төрағалық етті:

профессор, тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің оқытушысы
Г.Ә. Сексенбаева

Қатысқандар: Архив ісі саласындағы кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің (бұдан әрі – *Салалық кеңес*) мүшелері.

Қатысушылар: Архив ісі саласындағы кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің мүшелері (*тізімге сәйкес*).

Күн тәртібі:

1. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ұсыныстары бойынша Архив ісі және құжаттаманы басқару саласындағы салалық біліктілік шеңберіне (бұдан әрі – *Салалық біліктілік шеңбері*) өзгерістер енгізу және оны «Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» кәсіби стандартына сәйкес келтіру;

2. «Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» кәсіби стандартынан «Инженер» кәсіп карточкасын алып тастау туралы.

(Г.Ә. Сексенбаева, С.Н. Тащанова, А.А. Умирбаева, М.Б. Башарова)

1. ТЫҢДАДЫ:

Архив ісі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің төрағасы Г.А. Сексенбаева Салалық біліктілік шеңберінің жобасын қарап, жобаға ұсыныстар мен ескертулердің жоқтығы туралы ұстанымын білдірді.

Пікір білдірді: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің мемлекеттік саясат және нормативтік-құқықтық реттеу басқармасының басшысы

С.Н. Тащанова «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ұсыныстары бойынша Салалық біліктілік шеңберіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді негіздеді.

1. ШЕШТІ:

Архив ісі және құжаттаманы басқару саласындағы Салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. ТЫҢДАДЫ:

Тащанова С.Н. салалық кеңес мүшелерін «Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 265 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығының жобасына «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның ескертулері мен ұсынымдарына сәйкес «Инженер» карточкасын алып тастау және «Архивист», «Археограф», «Архив құжаттарының суретші-реставраторы» және т.б. кәсіптер карточкалары бойынша функцияларды, машықтар мен дағдыларды редакциялау қажеттілігі туралы хабардар етті.

«Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестіктің заңгері М.Б. Башарова осы санатты жалпы кәсіптерге жатқызу себебінен бұйрық жобасынан инженер санатын алып тастауды дәлелдеді.

2. ШЕШТІ:

«Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» кәсіби стандартынан «Инженер» кәсіп карточкалары алынып тасталсын.

**Салалық кеңес
төрағасы**



Г. Сексенбаева